

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

(оқыту қазақ тілінде емес)

(МАКЕТ)

3

Қазақ тілі: бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық (оқыту қазақ тілінде емес). 2026. – 156 бет.

Шартты белгілер

Бүгін үйренетініміз

Жаңа сөздер:



– тыңдалым



– айтылым



– оқылым



– жазылым



– кел, жаттығайық!

Сөз тіркестері



– есте сақта!



– топтық жұмыс



– жұптық жұмыс



– ойлан!



– қызықты мәлімет

Кіріспе

Қымбатты оқушы!

Қолыңдағы оқулық – сенің қазақ тілін үйренудегі қызықты сапарыңдағы жолсерігің. Оқыған сайын сен табиғатты танып, жақсы мен жаманды ажыратуды үйренесің, уақытыңды тиімді жоспарлап, сәулет өнерінің сырларына қанығасың.

Сен тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерді сипаттап, сұрақтар қойып, оларға жауап беруді үйренесің. Түрлі жанрлармен танысып, өз ойыңды дұрыс жеткізуді меңгересің. Жаңа сөздерді орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құрастыруға дағдыланасың.

Қазақ тілін меңгеру – өз еліңді, мәдениетіңді танудың алғашқы қадамы.

Ізденуден жалықпа! Бұл жолда мұғалімің мен оқулығың – сенің сенімді серіктерің.

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

Бұл бөлімде:

- меншіктік мағынаны білдіретін жалғауларды қолдануды;
- іс-әрекеттің болымсыз түрін;
- сөздерге сұрақ қояды;
- *ненің? қандай? кімі? несі?* сұрақтарына жауап беруді;
- *п, к, қ* дыбыстарына аяқталған сөздерге жалғау жалғауды;
- ойды өрбітіп, тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастыруды үйренеміз.

1. Күз келді, мектепке барайық!

Бүгін үйренетініміз

- тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеміз;
- меншіктік мағынаны білдіретін жалғауларды үйренеміз.

Жаңа сөздер:

табиғат, қоңырау,
жыл мезгілі,
күз айлары,
салқын, ағаштың
жапырақтары

Сөз тіркестері

менің мектебім
сенің мектебің
сіздің мектебіңіз
оның мектебі



1. QR-кодты пайдаланып, өлеңді ілесіп оқы. Сұрақтарға жауап бер.



Бірінші қыргүйек күнімен,
Аңқыған жұпар гүліммен.
Келіп ем, қарсы алды мектебім,
Сүйкімді қоңырау үнімен.

Отанның біз ұл-қызы,
Халықтың біз жұлдызы.
Оқимыз ақын жырларын,
Оқимыз еңбек сырларын.



- Қыргүйекте балалар қайда келеді?
- Оқушыларды кім қарсы алады?
- «Гүл» сөзін түрлендір. *Менің гүл..., сенің гүл..., сіздің гүл..., оның гүл...*



2. Тыңдалым мәтініне сай суретті тап. Сурет бойынша әңгімеле.



3. Қосымшасы бар сөздерді теріп, дәптеріңе жаз.

Қоңырауы, көктем, жаз, күз, тақта, мұғалім, жапырақтары, қыргүйек, дәптерім, оқушысы, гүлің.



4. Сәйкестендір. Көшіріп жаз.

Сенің

Сіздің

Айзеренің

Менің

дәптерің

мұғалімі

оқушым

тақтаңыз



5. Мәтінді оқы.

Күз келді. Күз – әдемі жыл мезгілі. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Күзде күн салқын болады. Ағаштың жапырақтары сарғайып, жерге түседі. Күздің табиғаты тамаша.

Қыргүйек айында оқу басталады. 1 қыргүйек – білім күні. Балалар гүл алып, мектепке барады. Алғашқы қоңырау соғылады.

Айзере үшінші сыныпқа барады. Ол күзді жақсы көреді.



6. Мәтін мазмұны бойынша тексеріп, дұрыс/ бұрысын айт.

	дұрыс	бұрыс
Қараша – күз айы.		
Күзде күн салқын болады.		
Қараша айында оқу аяқталады.		
1 қыргүйекте алғашқы қоңырау соғылады.		
Айзере төртінші сыныпқа барады.		



7. Мектебің туралы жұбыңмен сөйлес.

- Сенің мектебің қай көшеде орналасқан?
- ...
- Сенің мектебің неше қабатты?
- ...
- Мектебіңде не бар?
- ...
- Сенің мектебің қандай?
- ...
- Білім күні қашан?
- ...



8. «Сүйікті мектебім» тақырыбында постер дайындап, сынып алдында қорғаңдар.

Тірек сөздер: мектеп, мұғалім, достарым, сағындым, алғашқы қоңырау, сыныптастар, жақсы көремін.

2. Жанды табиғат

Бүгін үйренетініміз

- жанды/ жансыз табиғатты ажырата аламыз;
- іс-әрекеттің болымсыз түрін үйренеміз.

Жаңа сөздер:


жанды табиғат,
жансыз табиғат,
жануарлар, құстар,
жәндіктер, балықтар,
өсімдіктер, өседі

Сөз тіркестері

жанды табиғат өседі
жансыз табиғат өспейді



1. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.



- Табиғат неше түрге бөлінеді?
- Жансыз табиғатқа нелер жатады?
- Жанды табиғаттың қандай қасиеттері бар?



2. Үлгіге қарап, мәтіндегі болымды/ болымсыз іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді тауып, жұптап жаз.

Үлгі: ұшады/ ұшпайды

3. Төрт түліктің пайдасы

Бүгін үйренетініміз

- үй жануарларының пайдасы туралы білеміз;
- сөздерге сұрақ қоюды үйренеміз.

Жаңа сөздер:

түйе, қой, сиыр,
жылқы, төрт түлік,
мал, жүн, тері, көлік

Сөз тіркестері

сиыр мәңірейді
түйе боздайды
қой маңырайды
жылқы кісінейді



1. Мәтінді мұқият тыңда.





2. Мәтін мазмұны бойынша төрт түліктің пайдасын белгіле.

	көлік	ет	сүт	жүн	тері
жылқы					
түйе					
сиыр					
қой					
ешкі					



3. Сұрақтарды дұрыс орналастыр.

1. Төрт түлік малға ... жатады?
2. ... жануарларды көлік ретінде пайдаланады?
3. ... шұбат жасайды?
4. Үй жануарлары ... қызмет етеді?
5. ... пайдасы зор?

кімге?

ненің?

неден?

қандай?

нелер?




4. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Қазақстанда түйелер көп. Ертеде **түйені** көлік ретінде пайдаланған. Түйе сүті **пайдалы**. Жалғыз өркешті түйені «нар» деп атайды. Қос өркешті түйені «қаптағай» деп атайды. Түйе **40** күн су ішпей жүре алады. Түйе бұдан 4–5 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Түйе 30–35 жыл тіршілік етеді.



5. Түйелерді Венн диаграммасында салыстыр.





6. Бос орындарға қажетті сөздерді қойып жаз.

Түйе – ... жануар. Түйені ... ретінде пайдаланған. Түйе шөлге ... Түйенің сүті ... Жалғыз өркешті түйені «...» деп атайды. Қос өркешті түйені «...» деп атайды.

Қажетті сөздер: үлкен, нар, көлік, шыдамды, қаптағай, пайдалы.



7. Ғаламтордан төрт түлікті қалай шақыратынын тауып, сәйкестендір.

Үй жануарлары	Қалай дыбыстайды?	Оларды қалай шақырады?
Қой	мөңірейді	шөре-шөре
Сиыр	маңырайды	пұшайт-пұшайт
Жылқы	боздайды	аухау-аухау
Түйе	кісінейді	құрау-құрау
Ешкі	маңырайды	көс-көс



Қызықты мәлімет

Үй жануарларын қолға үйрету 15–20 мың жыл бұрын басталған. Күнделікті тұрмысқа қажет болған соң, адамдар үй жануарларын қолға үйрете бастады.



8. Өлеңді түсініп оқы. Мағынасын түсіндір.

Түйе – малдың үлкені,
Жылқы – малдың үркегі,

Сиыр – малдың сүттісі,
Қой – түліктің құттысы.

4. Төлдер сондай сүйкімді!

Бүгін үйренетініміз

- үй жануарларының төлдері туралы айта аламыз;
- *ненің?* сұрағына жауап беруді үйренеміз.

Жаңа сөздер:

төл, төлдеу, құлын,
бота, қозы, бұзау, лақ,
су беру, шөп салу,
сүйкімді

Сөз тіркестері

сиыр+дың бұзау+ы
ешкі+нің лағ+ы
қой+дың қозы+сы
жылқы+ның құлын+ы
түйе+нің бота+сы



1. Мәтінді мұқият тыңда. Мәтінге атау бер.



2. Мәтіннен *ненің?* сұрағына жауап беретін сөздерді теріп, жаз.



3. Мәтін мазмұны бойынша тексеріп, дұрыс/ бұрысын айт.

	дұрыс	бұрыс
Атамның малы көп.		
Түйенің құлыны бар.		
Атам су берді.		
Атам шөп салды.		
Төлдер секіреді, ойнайды.		



4. Сөздерге жалғау жалғап, дәптеріңе жаз.

-нің

-ның

-дің

-дың

-тің

-тың

Төрт түлік мал... пайдасы зор. Сиыр... бұзауы бар. Қозы... түсі ақ. Түйе... аяқтары ұзын. Ешкі... сүті пайдалы. Төрт түлік... төлдері сүйкімді.



5. Диалогті оқып, жалғастырыңдар.

- Айбек, саған үй жануарларының төлдері ұнай ма?
- Иә, ұнайды.
- Маған құлын ұнайды.
- Бекжан, құлын ненің төлі? Білесің бе?
- Иә, білемін. Ол – жылқының төлі.
- ...
- ...



6. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді толықтырып жаз.

Лақ – ... төлі. Лақ ... ішеді, ... жейді. Лақ ..., ойнайды.

Тірек сөздер: сүт, секіреді, ешкінің, шөп.



Қызықты мәлімет

Құлын – биенің жас төлі. Жабағы – 6 айдан асқан құлын. Тай – бір жастағы жылқы. Құнан – екі жастағы жылқы. Дөнен – 3 жастағы жылқы. Сәуірік – 3–4 жастағы жылқы. Бесті – 5 жастағы жылқы.



7. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Төлді қалай шақырады?

Қой баласы қоңырым,
Қойдан жуас момыным.
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт-пұшайт!

Жауын жауса, бақырған,
Ешкі атасын шақырған,
Лақтарым, қайдасың?
Шөре-шөре!

Жолға шықсам – көлігім,
Жапанда жүрсем – серігім,
Қамбар ата өсірген,
Құлыным менің, қайдасың?
Құрау-құрау!

5. Ит – адамның досы

Бүгін үйренетініміз

- кез келген жануарды сипаттай аламыз;
- *кімі? несі?* сұрақтарына жауап беретін сөздерді қолдануды үйренеміз.

Жаңа сөздер:

күшік, құйрық, түсі,
бұйрық, аяғы сынған,
аш

Сөз тіркестері

ит+тің түс+і
ит+тің құйрығы
ит+тің аяқтары
ит+тің құлақтары
ит+тің күшігі



1. Мәтінді тыңда. Мазмұнын қысқаша айтып бер.



2. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бекжан қандай бала?
2. Ит жанды табиғатқа жата ма? Неге?



3. Мәтіннен итті сипаттайтын сөйлемді көшіріп жаз.



4. Семантикалық кестені толтыр. Үлгі бойынша сөйлем құрастыр.

Үлгі: Күшіктің түсі ақ.

	-ның/-нің	-дың/-дің	-тың/-тің
ит			
күшік			
бұзау			
құлын			



5. Мәтінді түсініп оқы.

Ит – адамның досы. Жеті қазынаның бірі. Ит – күзетші. Олар үйді, малды күзетеді. Аңшы иттің бір түрі «тазы» деп аталады. Тазы – ерекше тұқымды ит. Итті қазақ жігіттері ерекше бағалайды.

Әлемде иттің 600-ден астам тұқымы бар. Олар – тазы, қазақы төбет, неміс овчаркасы, үй иттері.

Иттердің есту қабілеті жоғары.



6. Мәтін мазмұны бойынша дұрыс/ бұрысын айт.

	дұрыс	бұрыс
Ит үйді, малды күзетеді.		
Аңшы иттің бір түрі «төбет» деп аталады.		
Итті қазақ жігіттері бағаламайды.		
Әлемде иттің 600-ден астам тұқымы бар.		
Иттердің есту қабілеті нашар.		



7. Ғаламтордың көмегімен иттердің тұқымын анықта.



8. Кез келген жануарды сипатта.

Тұқымы ... Құйрығы ... Түсі ... Құлақтары... Ерекшелігі ...



Қызықты мәлімет

Жеті қазына – бұл қазақ халқы үшін өте қымбат, бағалы жеті нәрсе туралы түсінік. Оған жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қақпан, майланғыш ау, өткір кездік жатады.



9. Жұмбақты шеш. Жаттап ал.

Табанынан тыз етіп,
Жүрсе дағы сыз өтіп,
Күні-түні ерінбей,
Үйді жүрер күзетіп.

6. Үй құстары төмен ұшады

Бүгін үйренетініміз

- үй құстарының пайдасы туралы айта аламыз;
- іс-әрекеттің болымсыз түрін қолдана аламыз;
- *ненің? қандай?* сұрақтарына жауап береміз.

Жаңа сөздер:

тауық, күркетауық,
үйрек, қаз, әтеш,
балапан, төмен,
жоғары, ұшу

Сөз тіркестері

мен ұшамын
сен ұшасың
сіз ұшасыз
ол ұшады
төмен ұшады
жоғары ұшпайды



1. Диалогті мұқият тыңда. Қайтала.



– Сәлем, Бекжан, сен үй құстарын көрдің бе?

– Иә, атамның қорасында тауық, әтеш, қаз, үйрек, күркетауық бар.

- Үй құстары ұша ма?
- Иә, бірақ төмен ұшады.
- Үй құстарының адамға пайдасы бар ма?
- Иә, олар жұмыртқа, ет, мамық береді.
- Олардың балапандары бар ма?
- Иә, бар. Олар сондай сүйкімді!
- Сау бол, Бекжан!
- Сау бол, Айзере!



- 2.** Бос орынға тиісті әріптерді қойып жаз.

Үй қ...стары жұм...ртқа, ...т, м...мық береді.



- 3.** Сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырып айт.

Бекжан үй құстарын

Атасының қорасында тауық, әтеш, қаз, үйрек, күр-
кетауық

Үй құстарының адамға пайдасы

Үй құстары төмен

Олардың балапандары сондай



- 4.** Сәйкестендір. *Қандай?* сұрағына жауап бер. «Мен ... деп ой-
лаймын» сөйлемін қолдан.

жұмыртқа

кішкентай

мамық

үлкен

ет

сары

балапан

жұмсақ

күркетауық

дәмді



-тің,



-пе

7. Әр қатардағы артық сөзді тап.

1. Ұйрек, қаз, жұмыртқа, тауық.
2. Жұмыртқа, ет, мамық, қора.
3. Жоғары, төмен, өзен.
4. Ұшады, жүреді, күркетауық, жейді.



1. Үй құсы.
2. Құстар бізге не береді?
3. Құстың балапаны қандай?
4. Таңертең шақыратын үй құсы.
5. Үй құсы.
6. Үй құсы.

1.	К							
2.	У							
3.	С							
4.	Т							
5.	а							
6.	р							

7. Құстардың түрлері көп

Бүгін үйренетініміз

- үй құстары мен жабайы құстарды ажыратып, сипаттаймыз;
- *құс+тың балапан+ы* тіркесінің құрылымын меңгереміз.

Жаңа сөздер:

ұя, мекенде, жабайы
құстар, жыл құстары,
қыстап қалатын
құстар

Сөз тіркестері

тоқылдақ+тың балапан+ы
көгершін+нің балапан+ы
аққу+дың балапан+ы



1. QR-кодты пайдаланып мәтінді тыңда. Қайтала.
Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.



- Мәтінге қандай ат қояр едің?
- Қандай құстар орманды, суды мекендейді?
- Құстарды қорғау үшін не істеу керек?



2. Суреттердегі үй құстарын және жабайы құстарды ата.



3. Сұрақтарды дұрыс орналастыр.

Құстар ... табиғатқа жатады?

Үй құстары ... тұрады?

... ұя салады, ұшады?

Жабайы құстар ... ұшып кетеді?

Құстар ... досы?

қайда?

нелер?

қашан?

қандай?

кімнің?



Қызықты мәлімет

Әлемдегі ең үлкен құс – түйеқұс. Оның бойы екі жарым метрге дейін, салмағы 175 килограмға дейін жетеді. Әлемдегі ең кішкентай құс – колибри. Денесінің ұзындығы 6–12 сантиметрдей, орташа салмағы 10 граммдай болады.



4. Дұрысын таңдап, үлгі бойынша жаз.

-нің

-ның

-дің

-дың

-тің

-тың

Үлгі: торғай+дың ұясы



қарлығаш



көгершін



тоқылдақ



аққу



5. Сөйлем құрастыр.

құстар	қалатын	ұшып кетеді
адам	жылы жаққа	досымыз
қыстап	біздің	салады
күзде	су, жем	құстар
құстар	ұя	береді



6. Үлгі бойынша қарлығашты сипатта.

Үлгі: Бұл – қаз. Қаз – үй құсы.

Оның тұмсығы сары, қауырсындары мен қанаттары ақ. Адам оған жем, су береді.



7. Жаңылтпашты алдымен баяу және содан кейін жылдам оқы. Жаттап ал.

Шошыттың үш құсты,
Шошып үш құс ұшты.

8. Жәндіктер пайдалы ма?

Бүгін үйренетініміз

- жәндіктер туралы мәлімет аламыз;
- л, к, қ дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жалғап, өзгерістерді меңгереміз.

Жаңа сөздер:

ара, құмырсқа, бал, кейбіреулері

Сөз тіркестері

менің жәндігім
сенің жәндігің
сіздің жәндігіңіз
оның жәндігі
біздің жәндігіміз



Есте сақта



ара



құмырсқа



шыбын



шегіртке



қоңыз



1. QR-кодты пайдаланып диалогті тыңда. Қайтала.

- Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?
- Жанды табиғатқа жатады.
- Жәндіктердің қанша түрі бар?
- Бір миллиондай түрі бар.
- Жәндіктер не жейді?
- Түрлі өсімдіктерді жейді.
- Жәндіктер ұша ма?
- Кейбіреулері ұшады.
- Жәндіктер пайдалы ма?



- Кейбіреуі пайдалы. Мысалы, аралар күн сайын үш мың тонна бал жинайды екен.
- Қандай көп! Мен балды жақсы көремін.



2. Кестені толтыр.

	ұшады	ұшпайды
ара		
құмырсқа		
шегіртке		
шыбын		



3. Дұрыс нұсқасын тап.

Жәндіктер жанды/жансыз табиғатқа жатады.

Жәндіктердің көп/аз түрі бар.

Жәндіктер жапырақ/бал жейді.

Аралар ұшады/ұшпайды.

Шыбынның пайдасы бар/пайдасы жоқ.



4. Сөздерге жақша ішіндегі жалғауларды жалға. Өзгерісті түсіндір.

Орманның жәндік(і), менің жидек(ім), ағаштың жапырақ(ы), біздің үйдің шөп(і).



5. Сөздерге қажетті жалғауды дұрыс жалға.

Менің жәндік...

Біздің шегіртке...

Сенің ара...

Сендердің қоңыз...

Сіздің құмырсқа...

Сіздердің өсімдік...

Оның бал...

Олардың шыбын...



6. Ғаламтордан сұрақтардың жауабын тап.

Ара қалай дыбыстайды?

Шыбын қалай дыбыстайды?

Шегіртке қалай дыбыстайды?
Қоңыз қалай дыбыстайды?



Қызықты мәлімет

Әлемдегі ең күшті жәндік – құмырсақ. Ол өзінен ондаған есе ауыр жүкті көтере алады. Құмырсақалар ешқашан ұйықтамайды.



7. «Жәндіктер» тақырыбына байланысты 5 сөз тап.

б	а	қ	а	а	р	а	м
ш	ы	б	ы	н	қ	е	а
қ	ұ	м	ы	р	с	қ	а
ш	е	г	і	р	т	к	е
а	т	қ	о	ң	ы	з	к



8. Олеңді түсініп оқы.

Шегіртке мен құмырсақ (И.А.Крыловтан)

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздыгүнгі жапырақтың
Бірінде – тамақ, бірінде – үй.
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң кетті күй.

Абай Құнанбайұлы



9. Балықтар жанды табиғатқа жата ма?

Бүгін үйренетініміз

- балықтар туралы мәлімет аламыз;
- ойды өрбітіп, сөйлем құрастыруды үйренеміз.

Жаңа сөздер:

балық, балықшы,
аулау, қармақ,
шабақ, алабұға,
шортан, бекіре

Сөз тіркестері

менің балығым
сенің бекірең
сіздің қармағыңыз
оның алабұғасы
біздің шортанымыз
сендердің өзендерің
сіздердің көлдеріңіз
олардың шабақтары



1. QR-кодты пайдаланып мәтінді тыңда.


Балықтар да **жанды** табиғатқа жатады. **Балықтың** түрлері өте көп. Олар: майшабақ, алабұға, шортан, бекіре т.б. **Балықтар** өзен, көлдерде жүзеді.



Біз жазда **қармақпен** балық ауладық. **Менің** қармағыма үлкен шортан түсті. Әжем **шортаннан** дәмді балық сорпасын дайындады.



2. Мәтіннің мазмұнына сәйкес суреттерді ретімен орналастырып, әңгімеле.





3. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Қандай?

Ненің?

Нелер?

Немен?

Кімнің?

Неден?

Қайда?



4. Адасқан әріптерден сөз құра.

Шақба, ұғабала, ронашт, еребік, рақамқ.



5. Сөз тізбегі арқылы сөйлем құрастыр.

1. Ауладым.
2. ... ауладым.
3. ауладым.
4. ауладым.
5. ауладым.



6. Ертегіні түсініп оқы.

Балықшы мысық

Мысық өзенге балық аулауға барады.



Қармағын суға салады.



Қармаққа **шабақ** түседі. Мысық «Бұл – кішкентай

балық», – деп ойлайды.





7. Ертегіні сурет бойынша жалғастыр.

Қармағын тағы суға салады. Қармаққа алабұға түсті...



8. Ертегінің мазмұнына қатысы бар мақалдарды анықта. Жұбыңмен талқыла.

- Азға қанағат ете алмасаң – көптен құр қаласың.
- Ер азығы – жолда.
- Қанағат қарын тойғызады.
- Не ексең, соны орасың.



Қызықты мәлімет

Ең үлкен балық – кит акуласы. Оның ұзындығы – 20 метр, салмағы – 34 тонна.



9. Жұмбақты шеш.

Күміспенен апталған,
Теңгеменен қапталған.
Қай балық?



10. Ағаш гүлдеді

Бүгін үйренетініміз

- өсімдік түрлерімен танысамыз;
- тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырамыз.

Жаңа сөздер:

өсімдіктер, өсу,
гүлдену, қызғалдақ

Сөз тіркестері


ағаштың жапырағы
қызғалдақтың Отаны
гүлдің түрлері
шыршаның түсі



Есте сақта



қызғалдақ



раушан



түймедақ



бәйшешек



терек



қайың



шырша



емен



1. QR-кодты пайдаланып мәтінді тыңда. Қайтала.

Өсімдіктер де жанды табиғатқа жатады. Біз өсімдіктерді суарамыз. Олар өседі, гүлдейді. Көктемде ағаштар гүлдейді, күзде жеміс береді.



Ағаштардың жапырақтары жасыл, сары, қызыл болады. Ал шырша қысы-жазы жасыл.

Жазда әдемі гүлдер өседі. Гүлдердің түрлері өте көп. Маған қызғалдақ ұнайды. Қызғалдақтың 32 түрі бар. Қызғалдақтың Отаны – Қазақстан.



2. Мәтін мазмұны бойынша тексеріп, дұрыс/ бұрысын айт.

	дұрыс	бұрыс
Өсімдіктер жанды табиғатқа жатады.		
Өсімдіктер өспейді, гүлдемейді.		
Көктемде ағаштар гүлдейді.		
Қыста ағаштар жеміс береді.		
Ағаштардың жапырақтары ақ, көк болады.		
Жазда гүлдер өседі.		



3. Сәйкестендіріп, сөйлем құрастыр.

Үлгі: Жазда гүлдер өседі.

жанды

жапырақ

көктемде

күзде

жазда

жеміс береді

гүлдейді

өседі

жасыл

табиғат



4. Иә / жоқ сөздерін пайдаланып, жұбыңмен үлгі бойынша сөйлес. Жұбыңның жауабын бағала.

– Өсімдіктер жанды табиғатқа жата ма?

– ...

- Бәйшешек көктемнің бірінші гүлі ме?
- ...
- Шырша үнемі жасыл ма?
- ...
- Жапырақтар сары бола ма?
- ...
- Емен үлкен ағаш па?
- ...



5. Кестені толтыр.

Жазда, өсімдіктер, шыршаның, суарады, өседі, гүлдейді, еменнің, көктемде, сары, күзде, ағаштар, гүлдер, табиғаттың, жасыл, қызыл, өседі, ұнайды.

Нелер?	Қандай?	Ненің?	Не істейді?




6. Тыныс белгілерді қойып, дұрыс интонациямен оқы.

Қандай әдемі гүл
Саған меруертгүл ұнай ма
Күзде ағаштардың жапырақтары
сары болады



7. «Қызғалдақ» сөзіндегі әріптерден сөздер құра.



11–12. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



1. Мәтінді оқы.

Табиғат **жанды** және **жансыз** болады.

Күн, жел, су, тас, жұлдыздар – жансыз табиғатқа жатады. Жансыз табиғат **өспейді, өзгермейді, дем алмайды**.

Адамдар, жануарлар, құстар, жәндіктер, балықтар, өсімдіктер – бәрі жанды табиғатқа жатады. Жанды табиғат **өседі, өзгереді, дем алады**.

Үй жануарлары адамға киім, тамақ береді.

Балықтар өзен, көлдерде жүзеді.

Құстар ұя салады, зиянды жәндіктерді жейді.

Өсімдіктер өседі, гүлдейді. Өсімдіктердің де адамға, жануарларға пайдасы зор.

Біз табиғатты қорғауымыз керек!



2. Дұрыс жауабын тап.

1. Мәтін не туралы?

- А) төрт түлік мал туралы
- В) жанды/ жансыз табиғат туралы
- С) зиян жәндіктер туралы

2. Жансыз табиғатқа не жатады?

- А) жануарлар, құстар, жәндіктер
- В) күн, жел, су
- С) төрт түлік мал

3. Қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді?

- А) үй құстары
- В) қыстап қалатын құстар
- С) жыл құстары



3. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді сұрақтар бойынша бөліп, дәптеріңе жаз.

Кімдер?	Нелер?	Қандай?	Не істейді?	Не істемейді?



4. Сәйкестендіріп, сөйлем құрастыр.

ойлайды

жүзеді

ұшады

сүт береді

гүлдейді

шағады



5. Әріптер қатарын тап. Сөздерді толықтырып жаз.

ә	балы...шы	...арма...	бұйры...	...анат
ө	ж...лдыз	қ...стар	қ...мырсқа	б...зау
і	ж...ндіктер	б...йшешек	...теш	...лем
ү	таби...ат	қыз...алдақ	жо...ары	алабұ...а
ұ	келт...ред...	бек...ре	шег...ртке	өдем...
ғ	т...мен	...сімдік	м...ңірейді	к...ктем
қ	к...н	г...лдейді	...йрек	т...йе



6. Дұрыс жауапты таңдап, жұмбақтарды шеш.

Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар.

Мазмұны

Шартты белгілер	3
Кіріспе	4
1-бөлім. Жанды табиғат	5
1. Күз келді, мектепке барайық!	6
2. Жанды табиғат	9
3. Төрт түліктің пайдасы	11
4. Төлдер сондай сүйкімді!	14
5. Ит – адамның досы	17
6. Үй құстары төмен ұшады	20
7. Құстардың түрлері көп	23
8. Жәндіктер пайдалы ма?	26
9. Балықтар жанды табиғатқа жата ма?	29
10. Ағаш гүлдеді	32
11–12. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	35
2-бөлім. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	37
13. Мектеп ережелерін сақтайық!	38
14. Айзере – ұқыпты қыз	42
15. Ақылды Айзере	45
16. Менің досым тентек емес	48
17. Айбек – мейірімді ұл	51
18. Қайырымды қыз	54
19. Еңбек етуге әдеттен!	57
20. Еңбектің наны тәтті	60
21. Үлкенді сыйла, кішіге қамқор бол!	62
22. Тазалық – саулық негізі	65
23–24. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	67
3-бөлім. Уақыт	69
25. Жыл мезгілдері	70

26. Көктем	73
27. Көктем жаршысы	75
28. Наурыз – Ұлыстың ұлы күні!	78
29. Күз	81
30. Күзгі орман	84
31. Қыс	87
32. Сырғанақта	90
33. Уақыт	93
34. Сағат түрлері	96
35–36. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	99
 4-бөлім. Сәулет өнері	 103
37. Сәулет өнері	104
38. Арманым – сәулетші болу	107
39. Құрылысшы	110
40. Құрылысшылар отбасы	112
41. Менің үйім	115
42. Бәйтерек – бейбітшілік ұясы	118
43. Бейбітшілік және келісім сарайы	121
44. Хан шатыры	124
45. «Медеу» спорт кешені	127
46. Көктөбе	130
47–48. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	133
Сөздік – словарь	136
Грамматикалық қосымшалар	141
Пайдаланылған әдебиеттер	153